

5-сынып. Олимпиадаға дайындық курсы

34-сабақ

Тақырып: Бірлескен жұмыс

Сынып жұмысы

Жұмыс өнімділігі

1. 3 тауықтен екі күнде 3 жұмыртқа алуға болады. 6 күнде 36 жұмыртқа алу үшін неше тауық керек?
2. Зауыттағы 4 робот 4 сағатта 10 компьютер құрастырады. 8 робот 8 сағатта неше компьютер құрастырады?
3. 4 ешкі және 3 қой бір үйім шөпті 5 күнде жеп тауысады. Ал 3 ешкі және 4 қой дәл осы шөпті 4 күнде жеп тауысады. Қой көбірек шөп жиді ме, ешкі көп жейді ме?
4. 3 сырлаушы 5 күнде 60 терезе сырлайды. 2 күнде 64 терезені сырлау үшін неше сырлаушы керек?
5. Көшіріп жазатын жұмысшы 4 күнде 40 бетті күніне 9 сағат жұмыс жасап, толық көшіріп жазады. 60 бетті күніне 12 сағат жұмыс істесе, неше күнде аяқтайды?
6. Жер қазатын бригадада 26 адам 40 күнде күніне 12 сағаттан жұмыс істеп, ұзындығы 96 м, ені 20 м, тереңдігі 12 дм болатын канал қазады. 39 адам 80 күнде күніне 10 сағат жұмыс жасап, ені 10 м, тереңдігі 18 дм канал қазды. Каналдың ұзындығы қандай?
7. Екі суретші 48 кесе және 40 тәрелкеге сурет салуға тапсырыс алды. Бірінші суретші 1 кесеге 25 минут, 1 тәрелкеге 15 минут жұмсайды. Ал екінші суретші екеуіне де 20 минутта сурет салады. Жұмысты тез аяқтау үшін олар ыдыстарды қалай бөлісуі керек?

Жұмысты бірігіп орындау

8. Айман үйді жинап шығу үшін 6 сағат, ал сіңлісі Аружан 3 сағат жұмсайды. Екеуі біріксе жұмысты қанша уақытта аяқтайды?
9. Бір бума шөпті жылқы 2 күн, сиыр 3 күн, ал қой 6 күн жейді. Үшеуі бір уақытта 1 бума шөпті қанша уақытта жеп бітіреді?
10. Бассейнді толтыруға арналған екі түрлі кран бар. Егер екеуін де пайдаланса, бассейн 12 сағатта толады. Ал біріншісін ғана қолданса 20 сағатта толтырады. Екінші кран бассейнді толтыруға қанша уақыт жұмсайды?

11. Екі елдімекеннен бір-біріне қарама-қарсы екі велосипедші шықты. Біріншісі осы жолды 28 минутта, ал кенішісі 21 минутта жүреді. Егер олар 12:00-де бір уақытта шықса, сағат нешеде кездеседі?
12. Бірінші қар тазалайтын машина көшені 1 сағатта, ал екіншісі 45 минутта тазалайды. Бір уақытта жұмыс бастағанымен, 20 минуттан соң бірінші машина сынып қалды. Көшені толық тазалау үшін екінші машина тағы неше минут жұмыс істеу керек? (жауаптары бүтін сандар)
13. Бакты екі шүмек бірлесе отырып 3 сағатта толтырады. Бірінші шүмек бакты екіншіге қарағанда 8 сағат жайырақ толтырады. Бакты әр шүмек жеке-жеке неше сағатта толтырады? (жауаптары бүтін сандар)
14. Екі жұмысшы бірлесе жұмыс істеп 7 күнде жұмыстың 75% атқарды. Олар жұмысты 10 күнде бітіргенімен 2-ші жұмысшы соңғы 2 күн жұмысқа шықпаған болса, әрқайсысы осы жұмысты жеке-жеке орындағанда қанаш уақытта бітіреді? (жауаптары бүтін сандар)